

Жерлеу қызметтері



Жерлеу агенттіктері барлық уақытта да қажетті қызмет түрі. Бұл дәстүр ерте ме, кеш пе барлығына қажет болады. Осы тұрғыда мұсылмандар мен христиандардың жерлеу рәсіміндегі баға айырмашылықтарын ұсынамыз.



Табыс: Христиандар үшін жерлеуге қажетті ең басты нәрсе — табыт. Ағаштан жасалған қарапайым табыттар бағасы 15-35 мың теңге болса, элиталы табыттар құны 100-200 мың теңге аралығында. Арнайы шіркеулік жинақтар 2500 теңге тұрады.



Кресттер 15-50 мың теңге аралығында болса, зиратты қоршау құны 8000 теңгеден 50 мың теңгеге дейін. Катафалк жалдау бағасы 28 мың теңге, ал қызметкерлер ақысы мәйітханаға жеткізу үшін әр адамға (2 адам) 4000 теңге, жерлеу үшін 8 мың теңге болады.



Мәйітті сақтау күніне 7000 теңге, жуындыру және
киіндіру 8000-12000 теңге, жер қазу 25-30 мың теңге.

Мұсылмандардың жерлеу рәсімі. Жер қазу — 35000 теңге. Мәйітті шығаруға ұсынылатын табыт — 5000 теңге. Кебін бағасы 7000-8000 теңге. Катафалк жалдау 25 мың — 58 мың теңге аралығында. Мәйітті жуындыру — 25 мың теңге. Мазар тақталары 18-28 мың теңге. Ескерткіш 80 мың мен 150 мың теңге аралығында.

Сонымен қатар мәйітті бр қаладан екінші бір қалаға жеткізу қызметтері де ұсынылады. Оның бағасы, мысалы, Қостанайдан Челябинскке жеткізу 300 мың теңге болса, Алматыдан Мәскеуге жеткізу құны 950 мың теңгені құрайды.



Жалпы алғанда, мұсылмандардың ең қарапайым жерлеу рәсімін өткізу 300 мың теңгеге дейін жетеді екен. Ал ең қымбат luxury жерлеу рәсімі 10 мың долларға дейін барады.



Шығын: Өте үлкен кеңістікті жалға алу керек болады. Себебі, ғимарат ішінде жеке офис, табытттар тұратын, ескерткіш тақталар тұратын орын, мәйітхана мен қойма болу қажет. Жалға алу құны орналасқан жері мен ауданына қарай 200-500 мың теңге көлемінде. Табытттар мен ескерткіштерді жасауға қажетті құрылыс материалдарының шығыны бар. Сонымен қатар, мәйітке қажетті кремдер мен бальзамдар т.б. қажет.

